

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы»



Тәрбиешісі: Оразбаева Ұлжан

Мақсаты:

- Балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.
- Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.
- Желтоқсан оқиғасында қазақ қыздары мен жігіттерінің рухына тағзым ету.

Көрнекілік: Интербелсенді такта, шарлар, түрлі қағаздар.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?

- Сәлеметсіз бе!

Құрметті Тәрбиешілер, ата-аналар тәрбиеленушілер «Тәуелсіздік таңы» атты деп аталатын Мектепалды даярлық тобының ашық оқу қызметін бастауға рұқсат етіңіздер. Еліміздің Мемлекеттік Гимн орындалсын.

Тәрбиеші:

Көк туым көтерілді бағым жанып,
Елтаңбам күллі әлемге танылды анық.
Шырқадым әнұранды бар дауыспен,
Арманым—Ата заңым қабылданды.

Ой шақыру

Тәрбиеші: Қазір қай мезгіл?

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Қыс мезгілінде неше ай бар?

Балалар: 3 ай бар.

Тәрбиеші: Аттарын айтыңдаршы.

Балалар: Желтоқсан, Ақпан, Қаңтар.

Тәрбиеші: Қыс мезгіліндегі ауа-райының ерекшелігі.

Балалар: Қар жауады, Боран болады, аяз болады.

Адамдар қалың киінеді.

Тәрбиеші: Біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан

Тәрбиеші: Біз қандай мемлекетпіз.

Балалар: Тәуелсіз.

Тәрбиеші: Біздің ұлтымыз кім?

Балалар: Қазақпыз.

Тәрбиеші: Біз қай тілде сөйлейміз?

Балалар: Қазақ тілінде.

Тәрбиеші: Біздің мемлекетіміздің астанасы қай қала?

Балалар: Астан қаласы.

Тәрбиеші: Қ Р елбасы кім?

Балалар: Қасымжомарт. Кемелұлы Тоқаев

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар.



Көркем:

Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің Қазақстан.
Мәңгі соғып тұратын.
Жүрегімсің Қазақстан.

Нұрасыл:

Аспан түстес көгілдір,
Тік бұрышты матаның.
Ортасында төгіп тұр,
Күн жаяды шапағын.
Астында оның қалқыған,
Қыран құстың бейнесі.
Азат елдің шалқыған,
Көңілі деп білерсің.
Нұрахмет
Елтаңбасы елдігім
Елдің тыныш тірлігі.

Нұрдаулет:

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі
Мықты болсын еліміздің керегесі
Тату тәтті бұл халқымыз әрқашанда
Кетпесін туған жердің берекесі.

Сымбат:

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Атамменен барғанмын.

Жанель:

Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой.
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік - ұлы той.

Би: Мектепалды даярлық тобының биші қыздары **Қазақ биімен» Хор «Отан»**
әнімен

Алюша:

Тәуелсіз елдеміз,
Қуанамыз күнде біз.

Айкөркем:

Толтырған гүлге даланы
Жайнатқан ауыл қаланы
Ардақты атамекенім,
Отаным - Қазақстаным.

Арлант:

Гүл жайнаған Астан,
Қазақстан отаны.
Бірін-бірі сыйлаған,
Туыскандар отаны.

Айзере:

Тәуелсіздік жолында
Талай- талай тер төккен
Билігің өз қолында
Еркіндігім елдігім.

Тәрбиеші:

«Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға Алаш деген атты аламын» - деп азаттықты аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен
азаматтарымыздың барлығы да қуғын – сүргінге ұшырап, құрбан болды. Қыршыннан
кеткен арыстардың аманаты арқалаған кейінгі толқын 1986 жылы желтоқсанда
тәуелсіздік үшін күресе білді.

Назерке:

Аралаймын алаңды
Тәуелсіздік күнімен
Батыр Қайрат ағамның
Суретіне үнілем

Тәрбиеші:

Қане, балалар жақсы біледі екенсіңдер, ендеше Отан туралы тапқатар айтайықшы.

Данияр:

Отан – асыл анамыз,
Ана сүтін ақтаймыз.
Есейгенде ел болып,
Елді жаудан сақтаймыз.

Аяулым:

Отан – менің ата-анам.
Отан – досым, бауырым.
Отан – өлкем, астанам,
Отан туған ауылым.

Нұр:

Біз Отанның гүліміз,
Туған жердің нұрымыз.
Тәуелсіз біздің еліміз.
Қазақстан бай жеріміз.

Сәтбек:

Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай астында қазақ үй.
Қалықтаған жас сұңқар,
Шарықтаған таза күй,
Қара шаңырақ ел күні,
Асқақтатып тұр мұны.

Шұғыла:

Отан дейміз то жаққан жерімізді.
Отан дейміз өсірген елімізді .
Отан дейміз туған жер, атамекен,
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

Аружан:

Отан – сенің ата-анаң,
Отан – досың бауырың
Отан – өлкенің астанаң,
Отан – аудан ауылым!

Ән: «Біз әдепті боламыз»**Қорытынды бөлім:**

Қаншама азапқа түсіп, қуғын-сүргінге ұшыраса да қазақ халқы бәріне шыдай білді.
Осыдан 26 жыл бұрын егемендігімізді жариялап, Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл ғасырлар бойы біздің, яғни қазақ халқының аңсаған арманы еді.
Ертеңгілігімізді қорытындылай келе осымен бүгінгі ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті, бүгінгі Тәуелсіздік мерекесімен барлықтарыңызды шын жүректен құттықтаймыз.
Сіздерге отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, осы балапандарыңыз Қазақстанымыздың туын желбіретіп, биік шыңынан көрінетін азамат пен азаматша болуға тілектеспіз!